"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 000440001616

№ исх: 03-18/3001 от: 12.07.2022

«Vek-Stroy-Com» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» (*бұдан әрі - Департамент*), Сіздің " Сауран ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (*бұдан әрі - Ұйымдастырушы*) өткізілген № 6347589-1 «Строительство линейного парка в селе Шорнак» мемлекеттік сатып алу бойынша 24.06.2022 жылғы № 147898, 24.06.2022 жылғы №ЗТ-2022-01945605 өтініштеріңізге қатысты келесіні хабарлайды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9-бабының 1-тармағы, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Заңның 9-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының" (бұдан әрі - қағидалар) 238-тармағының 1 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы болып таныла алмайды), егер:

- *мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады;*

20.06.2022 жылғы қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес әлеуетті беруші "Vek-Stroy-Com" ЖШС- нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысудан келесі себептер бойынша бас тартылды:

"На основании технической спецификации ,именно в сметной документации указаны ряд видов работ.На основании этих видов работ(Обустройство скважин,

12.07.2022 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Изыскательская деятельность, Буровые работы в грунте и т.д) потенциальным поставщикам было предъявлено требования о подвидах лицензируемой деятельности согласно закону о Разрешениях и уведомлениях. Однако потенциального поставщика отсутствуют подвиды лицензируемой деятельности в соответствии технической спецификации и по квалификационным требованием".

Конкурстық құжаттаманы зерделей келе, әлеуетті өнім берушілерге конкурстың нысанасына сәйкес келетін «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлері бар рұқсаттың болуы туралы біліктілік талаптары қойылған. Атап айтқанда;

- *Ұңғымаларды (мұнай және газ ұңғымаларын қоспағанда) жайластыруды;*

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының мәліметіне сәйкес, әлеуетті өнім беруші "Vek-Stroy-Com" ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеумен осы әлеуетті өнім беруші біліктілік туралы мәліметтерде *(Конкурстық құжаттамаға 9-қосымша)* рұқсаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензияның) болуы туралы мәліметтері мәлімделген, алайда мәлімделген рұқсаттың «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген лицензияланатын қызмет түрінің жоғарыда көрсетілген кіші түрлері жоқ екендігі анықталды

Осыған орай, қағиданың 238 тармағына сәйкес, конкурстық комиссиямен әлеуетті өнім беруші "Vek-Stroy-Com" ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа катысуға негізді түрде жіберілмеген.

Сонымен қатар, ҚР 2022 жылғы 29 маусымдағы «ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының Орынбасары **А.Мұсабек**

Орындаған: Адилханов А.
☎: 8-7253-35-76-15

✍ Келісілген: А.Мырзахметов